

Азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 17 сәуірдегі № 196 қаулысы. Қостанай облысы Арқалық қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 18 сәуірде № 9-3-167 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 19 наурыздағы № 156 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 19.03.2013 № 156 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Жарлығына сәйкес, Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. "Арқалық қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) арқылы 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасы Республикалық ұланына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай облысының Ішкі істер департаменті Арқалық қаласының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) әскерге шақыруды өткізу және командаларды ж ө н е л т у к е з ең і н д е :

1) өз құзыреті шегінде әскери міндеттілікті орындаудан жалтарған адамдарды і з д е с т і р у д і жү з е г е а с ы р у ;

2) қалалық жиын пунктінде әскерге шақырылушыларды Қостанай қаласына облыстық жиын пунктіне жіберу және жөнелту кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі орынбасарының міндетін атқарушысы Е.Ж. Мәметековке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған қатынастарға таратылады.

А р қ а л ы қ

қаласының әкімі

Т. Төлеубаев

КЕЛІСІЛДІ:

"Қостанай облысы Арқалық қаласының
қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

С. Жаркин

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер
министрлігі Қостанай облысының Ішкі
істер департаменті Арқалық қаласының
ішкі істер басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Е. Смағұлов